

«Жетісу»
телерадиокомпаниясы»
жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігі



Товарищество
с ограниченной
ответственностью
«телерадиокомпания
«Жетісу»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 20 қараша

№ 67 - ө/к

Талдықорған қаласы

город Талдықорған

ISO 37001:2016 парақорлықпен күрес менеджменті жүйесіне сәйкес алдын ала өткен ішкі аудиттің қорытындылары туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасына», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» ISO 37001 стандартына сәйкестікті растау жөніндегі №3 ТБН №4 міндетіне сәйкес және 2024 жылғы 07 қарашадағы «Жетісу» телерадиокомпаниясы» ЖШС-де ISO 37001:2016 парақорлықпен күрес менеджменті жүйесіне сәйкес алдын ала өткен ішкі аудиттің ұсынымын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жетісу» телерадиокомпаниясы» ЖШС-нің барлық қызметкерлерінің назарына ISO 37001:2016 парақорлықпен күрес менеджменті жүйесіне сәйкес алдын ала өткен ішкі аудиттің қорытындысын комплаенс-офицер Т.Абдрахманов 2024 жылғы 30 қарашаға дейін жеткізсін;

2. Мақсаттарды, міндеттерді, индикаторларды, мерзімдерді және бөлінетін қаржылық, материалдық-техникалық және адами ресурстарды айқындай отырып, серіктестіктің қызметінің басым бағыттары мен SWOT серіктестікті талдауды (мысалы: қаржылық орнықтылық, стратегиялық әріптестік, цифрландыру және автоматтандыру, имидждік саясат, маркетингтік және т. б.) қамтитын 5 жылға арналған серіктестіктің даму Стратегиясын әзірлеу 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін директордың бірінші орынбасары Ж.Исаеваға жүктелсін;

3. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің ережелеріне және лауазымдық нұсқаулықтарына қайталама, тән емес лауазымдық міндеттердің, өкілеттіктер мен жауапкершіліктің сәйкестігі тұрғысынан өзгерістер мен толықтырулар қайта қаралсын және енгізілсін.

Лауазымдық нұсқаулыққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігіне толықтырулар енгізу 2024 жылғы 30 қарашаға дейін кадрлар бөлімінің инспекторы Ш. Серікқызына, заңгер А.Әлпекке жүктелсін.

4. Комплаенс-офицер Т.Абдрахмановқа 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін бизнес-процестердің ішкі құжаттарына талдау жүргізу жүктелсін:

1) Конкурстық комиссия туралы ереже;

2) Тәртіптік комиссия туралы ереже;

3) Құрылымдық бөлімшелер мен уәкілетті орган арасындағы өзара іс-қимыл регламенттері.

5. Комплаенс-офицер Т.Абдрахмановқа 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін процестерді реттеуші регламенттерге талдау жүргізу жүктелсін:

- ТМҚ есептен шығару, қабылдау және беру, сақтау, кәдеге жарату, түгендеу;

- персоналды оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

- қызметтік тексерулер жүргізу;

- даму жоспарын, мемлекеттік сатып алуды, бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру;

- мұрағатқа құжаттарды қабылдау және т. б.

6. 2024 жылғы 30 қарашаға дейін Серіктестіктің сайтына «Жедел желіге» арналған жеке қойынды орналастырылсын, орындау сайт редакторы А.Молдахметоваға, комплаенс-офицер Т. Абдрахмановқа жүктелсін;

7. Құрылымдық бөлімшелер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды және талдауды, ішкі және сыртқы факторларды, мүдделі тараптардың талаптарын, заңнаманы және басқа да міндетті талаптарды ескере отырып, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізіліміне енгізісін (жауапты: құрылымдық бөлімше жетекшілері; мерзімі: 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін).

8. Серіктестіктің ISO 37001:2016 парақорлықпен күрес менеджменті жүйесін қолдау, талдау және жақсарту бойынша ISO 37001:2016 талаптарын реттейтін төмендегі құжаттар бекітілсін:

- Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі (ABMS. GM. 01);

Парақорлыққа қарсы нұсқаулық

- Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі (ABMS.DP.7.5);

Құжатталған акпаратты басқару

- Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі (ABMS.DP.9.2.);

Ішкі аудит

- Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі (ABMS.DP.9.3.);

Басшылық тарапынан талдау

- Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі (ABMS.DP.10.1);

Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Жедел желінің» жұмысы туралы ереже;

- Серіктестіктің контексті;

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі;

- «Кешенді тексеру жүргізу қағидалары туралы» ереже;

- «Қаржылық бақылау тетіктері туралы» ереже;

- «Қаржылық емес бақылау тетіктері туралы» ереже.






9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Д. Алтынбекұлы

Бұйрықпен таныстым:

 Т.Абдрахманов
 Ж.Исаева
 Ш.Серікқызы
 А.Әлпек
 А.Молдахметова

2024 жылғы 20 қараша